

**"Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 724 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 340 Жарлығы  
**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 724 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының "Өркен" білім беру грантын тағайындау туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының "Өркен" білім беру гранты тағайындалсын.";

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының "Өркен" білім беру грантын тағайындау қағидалары мен мөлшерлерін бекітсін;"

2. Осы Жарлық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев